# «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ

## Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

## 2022 жылғы 30 қыркүйек

**Мазмұны**

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК


Қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есеп .................... 1
Пайда немесе шығын және өзге де жиынтық кіріс туралы қысқартылған жеке аралық есеп .................... 2
Капиталдағы өзгерістер туралы қысқартылған жеке аралық есеп .................... 3
Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы қысқартылған жеке аралық есеп .................... 4


ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ АРАЛЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР:


1 Компания және оның операциялық қызметі .................... 5
2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері .................... 5
3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар .................... 6
4 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар .................... 6
5 Еншілес компанияларға, бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар .................... 8
6 Берілген қарыздар және қаржы құралдарына салынған инвестициялар .................... 10
7 Өзге ұзақ мерзімді активтер .................... 11
8 Өзге қысқа мерзімді активтер .................... 11
9 Ақша қаражаты және олардың баламалары .................... 11
10 Акционерлік капитал .................... 12
11 Қарыздар .................... 12
12 Дивидендтер бойынша табыс .................... 13
13 Жалпы және әкімшілік шығыстар .................... 13
14 Қаржылық табыстар .................... 13
15 Қаржылық шығыстар .................... 14
16 Табыс салығы .................... 14
17 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер .................... 14
18 Қаржы құралдарының әділ құны .................... 15
19 Есеп беру күнінен кейінгі жағдай .................... 16

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | Ескертпе | 30 қыркүйек 2022 ж. (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|---|
| **АКТИВТЕР** | | | |
| Ұзақ мерзімді активтер | | | |
| Негізгі құралдар | | 264,463 | 392,839 |
| Материалдық емес активтер | | 643,124 | 659,057 |
| Пайдалану құқығы нысанындағы актив | | 792,994 | 1,172,090 |
| Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар | 5 | 549,023,240 | 547,698,014 |
| Берілген заемдар және қарыз құралдарына салынған инвестициялар | 6 | 44,177,639 | 47,240,254 |
| Өзге де ұзақ мерзімді активтер | 7 | 673,351 | 6,935,571 |
| **Барлық ұзақ мерзімді активтер** | | **595,574,811** | **604,097,825** |
| Қысқа мерзімді активтер | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | | 19,147 | 53,002 |
| Берілген заемдар және қарыз құралдарына салынған инвестициялар | 6 | 13,253,897 | 26,209,385 |
| Өзге де қысқа мерзімді активтер | 8 | 22,177,482 | 1,031,615 |
| Ақшалай қаражат және олардың баламалары | 9 | 2,798,295 | 1,481,340 |
| **Барлық қысқа мерзімді активтер** | | **38,248,821** | **28,775,342** |
| **БАРЛЫҚ АКТИВТЕР** | | **633,823,632** | **632,873,167** |
| **КАПИТАЛ** | | | |
| Акционерлік капитал | 10 | 376,045,927 | 376,045,927 |
| Өзге де капитал резерві | | 89,328,998 | 89,328,998 |
| Жабылмаған шығын | | (17,409,089) | (33,095,568) |
| **БАРЛЫҚ КАПИТАЛ** | | **447,965,836** | **432,279,357** |
| **МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | | |
| Ұзақ мерзімді міндеттемелер | | | |
| Қарыздар | 11 | 126,159,025 | 163,569,258 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | 753,327 | 978,662 |
| Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер | | 32,343 | 32,343 |
| **Барлық ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | **126,944,695** | **164,580,263** |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 11 | 57,541,532 | 34,252,374 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | | 248,785 | 352,000 |
| Өзге кредиторлық берешек және есептелген міндеттемелер | | 1,057,762 | 1,322,483 |
| Төлеуге жататын өзге салықтар | | 65,022 | 86,690 |
| **Барлық қысқа мерзімді міндеттемелер** | | **58,913,101** | **36,013,547** |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР** | | **185,857,796** | **200,593,810** |
| **БАРЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ** | | **633,823,632** | **632,873,167** |

Басшылық атынан 2022 жылғы 31 қазанда қол қойылды.

Рысқұлов Айдар Қайратұлы
*Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор*

Төлокова Сәуле Бекзадақызы
*«Бухгалтерлік және Салық есебі» департаментінің директоры – Бас бухгалтер*

Қоса беріліп отырған ескертпелер осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **Ескер тпе** | **2022ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2021ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2022ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2021ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|---|
| Дивиденттер бойынша кірістер | 12 | 32,552,145 | 34,045,809 | - | 1,380,955 |
| Өзге операциялық кірістер мен шығыстар (нетто) | | 34,042 | (10,291) | (153) | (14,340) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | 13 | (4,099,793) | (4,084,613) | (1,351,416) | (1,386,426) |
| **Негізгі қызмет бойынша пайда** | | **28,486,394** | **29,950,905** | **(1,351,569)** | **(19,811)** |
| Қаржылық активтерді қалпына келтіру/ (құнсыздандыру) (нетто) | | 540,504 | (772,315) | 248,649 | (181,481) |
| Қаржылық кірістер | 14 | 8,719,662 | 6,444,690 | 2,460,755 | 2,166,824 |
| Қаржылық шығыстар | 15 | (19,986,824) | (16,735,469) | (6,534,341) | (5,257,095) |
| **Салық салғанға дейінгі пайда/(шығын)** | | **17,759,736** | **18,887,811** | **(5,176,506)** | **(3,291,563)** |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 16 | (32,257) | (339,118) | (17,629) | (3,197) |
| **Кезеңдегі пайда /(шығын)** | | **17,727,479** | **18,548,693** | **(5,194,134)** | **(3,294,760)** |
| **Кезеңдегі барлық жиынтық табыс /(шығын)** | | **17,727,479** | **18,548,693** | **(5,194,134)** | **(3,294,760)** |

| Қазақстан теңгесімен, мың | Ескертпе | Акционерлік капитал | Өзге де резервтік капитал | Жабылмаған шығын | Барлық капитал |
|---|---|---|---|---|---|
| 2021 ж. 1 қаңтардағы қалдық | | 376,045,927 | 89,328,998 | (45,082,442) | 420,292,483 |
| Кезеңдегі пайда (аудит жүргізілмеген) | | - | - | **18,548,693** | **18,548,693** |
| **Кезеңдегі барлық жиынтық табыс (аудит жүргізілмеген)** | | **-** | **-** | **18,548,693** | **18,548,693** |
| Жарияланған дивидендтер | 10 | - | - | (3,242,143) | (3,242,143) |
| **2021 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)** | | **376,045,927** | **89,328,998** | **(29,775,892)** | **435,599,033** |
| **2022 жылғы 1 қаңтардағы қалдық** | | **376,045,927** | **89,328,998** | **(33,095,568)** | **432,279,357** |
| Жыл ішіндегі пайда (аудит жүргізілмеген) | | - | - | 17,727,479 | 17,727,479 |
| **Кезеңдегі барлық жиынтық табыс (аудит жүргізілмеген)** | | - | - | **17,727,479** | **17,727,479** |
| Жарияланған дивидендтер | 10 | - | - | (2,041,000) | (2,041,000) |
| **2022 ж. 30 қыркүйектегі қалдық (аудит жүргізілмеген)** | | **376,045,927** | **89,328,998** | **(17,409,089)** | **447,965,836** |

| *(i) Қазақстан теңгесімен, мың* | Ескертпе | 30 қыркүйек 2022ж. аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген) | 30 қыркүйек 2021ж. аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың қозғалысы:** | | | |
| *Салық салынғанға дейінгі пайда* | | 17,759,736 | 18,887,811 |
| **Мыналарға түзету енгізу:** | | | |
| Дивиденттер бойынша кіріс | 12 | (32,552,145) | (34,045,809) |
| Тозу және амортизация | | 351,867 | 390,994 |
| Қаржылық шығыстар | 15 | 19,986,824 | 16,735,469 |
| Қаржылық кірістер | 14 | (8,719,662) | (6,444,690) |
| Бағам айырмашылығынан болған (пайда)/залал | | (34,810) | 22,555 |
| Активтердің құнсыздануы бойынша (кіріс)/ шығыс (нетто) | | (540,137) | 772,317 |
| Басқа төлемдер | | (3,902) | - |
| **Кері капиталдың өзгерісіне дейін операциялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаты** | | (3,752,229) | (3,681,353) |
| Тауарлық-материалдық қордың ұлғаюы/(азаюы) | | 33,491 | (6,111) |
| Дебиторлық берешектің және басқа қысқа мерзімді активтердің азаюы | | 144,897 | 263,611 |
| Өзге кредиторлық берешектің азаюы | | 50,055 | (749,342) |
| Өзге салықтар бойынша берешектің азаюы | | (6,288) | (12,442) |
| **Операциялық қызметте пайдаланылған ақшалай қаражат** | | **(3,530,074)** | **(4,185,637)** |
| Төленген табыс салығы | | (23,738) | (350,790) |
| Алынған дивиденттер | | 17,222,145 | 29,045,361 |
| Төленген пайыздар | | (11,066,989) | (9,699,940) |
| **Операциялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты** | | **2,601,344** | **14,808,994** |
| **Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражаының қозғалысы** | | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | | (393,638) | (30,640) |
| Негізгі және еншілес компанияларға берілген қарыздар мен қаржылай көмек | 6 | (4,168,700) | (5,700,000) |
| Еншілес компаниялардың капиталына қосылған үлес және акцияларды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру | | (1,899,638) | (826,936) |
| Банктік салымдарды орналастыру (қайтару), нетто | | 5,500 | (500) |
| Алынған пайыздар | | 3,702,051 | 2,517,456 |
| Еншілес және негізгі компанияларға берілген қарыздар мен қаржылай көмекті өтеуден түскен түсім | 6 | 3,981,331 | 12,205,746 |
| Қаржылық құралдарды өтеуден түскен түсім | 6 | 17,400,000 | 111,678 |
| Еншілес компаниялардың акцияларын сатудан түскен түсім | | 1,268,416 | - |
| Қаржылық құралдарды сатудан түскен түсім | 6 | 192,300 | 192,300 |
| «БЖЭС» ЖШС-ға берілген қаржылық кепілдік бойынша берешекті төлеу | 7 | - | 2,190,500 |
| **Инвестициялық қызметтен алынған таза ақша қаражаты** | | **20,087,622** | **10,659,604** |
| **Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының қозғалысы:** | | | |
| Қарыздар және шығарылған облигациялар бойынша түсімдер | 11 | 45,732,771 | 70,010,000 |
| Облигациялар мен алынған қарыздары өтеу | 11 | (62,596,137) | (88,843,176) |
| Самұрық-Қазынадан алынған қарыздарды өтеу | 11 | (2,381,109) | (2,586,856) |
| Акционерге төленген дивидендтер | 10 | (2,041,000) | (3,242,143) |
| Жалдау бойынша негізгі қарызды өтеу | | (122,914) | (193,491) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаты** | | **(21,408,389)** | **(24, 855,666)** |
| Айырбастау бағамы өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың эквиваленттеріне тигізетін әсері | | 36,648 | (22,540) |
| Құнсыздану бойынша резервтегі өзгерістер | | (270) | 22 |
| **Ақша қаражаты мен олардың эквиваленттерінің таза өсуі (азаюы)** | | **1,316,955** | **590,414** |
| Жыл басындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері | 9 | **1,481,340** | **1,595,249** |
| **Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленттері** | 9 | **2,798,295** | **2,185,663** |

## 1 Компания және оның операциялық қызметі

«Самұрық-Энерго» АҚ (бұдан әрі – Компания) 2007 жылғы 18 сәуірде құрылып, 2007 жылғы 10 мамырда тіркелген. Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Акционерлік қоғам нысанында құрылған.

Компанияның 100% пайыз акциясының иесі болып табылатын «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына») Компанияның жалғыз акционері болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның соңғы бақылаушы иесі болып табылады.

***Негізгі қызметі***

Компанияның негізгі қызмет түрлері (5-ескертпе) көмір, көмірсутегі, су ресурстары мен жаңартылатын энергия көздері (бұдан әрі - ЖЭК) негізінде электр және жылу энергиясы мен ыстық суды өндіру, халыққа және өндірістік кәсіпорындарға сату, электр энергиясын тасымалдау мен желіде электрді техникалық тарату, сондай-ақ су электр станцияларының мүліктік кешендерін жалға беретін холдингтік компания болып табылады.

Компанияның мекенжайы және қызметін жүзеге асыратын орны: Қазақстан Республикасы. Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 15А.

***Операциялық орта***

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасы дамып келе жатқан нарықтарға тән кейбір өзіндік ерекшеліктерді көрсетуді жалғастыруда. Ол мұнай мен газ және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералдық шикізат бағаларының ауытқуларына ерекше сезімтал. Бұл ерекшеліктер елден тыс жерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуын және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

Айырбас бағамының құбылмалылығы өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың туындауын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсер етеді және әсерін жалғастыра береді. 2022 жылғы 30 қыркүйекте шетел валютасындағы қалдықтарды қайта есептеу үшін пайдаланылаған ресми айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 476,71 теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанда: 1 АҚШ доллары үшін 431.67 теңге болды).

Басшылық ағымдағы жағдайларда Компания мен Топ қызметінің тұрақтылығы мен өсуін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтынына сенімді. Болашақ экономикалық жағдай мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі болжалдарынан өзгеше болуы мүмкін.

## 2 Қаржылық есептілікті дайындау негізі және есептік саясаттың негізгі ережелері

***Қаржылық есептілікті дайындау негізі***

2022 жылғы 30 қыркүйекте аяқталған тоғыз айға арналған осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілік ХҚЕС (IAS) 34 «Аралық қаржылық есептілікке» сәйкес дайындалды.

Осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікке аудит жүргізілмеген және жылдық қаржылық есептілікте ашылуы қажет барлық ақпаратты қамтымайды. Компания Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалған 2021 жылға арналған аудиттелген жылдық жеке қаржылық есептілікте қамтылған (есепке алу саясатының қағидаттары және сомалары немесе құрамы бойынша елеулі өзгерістерге ұшырамаған баптар туралы егжей-тегжейлі мәліметтер сияқты) ақпаратты елеулі түрде қайталайтын ақпаратты ашпады.

Басшылық осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікте қамтылған ақпаратты ашу осы есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін әзірленген есептілікпен бірге қаралған жағдайда жеткілікті ақпарат береді деп пайымдайды. Басшылықтың пікірінше, осы қысқартылған аралық жеке қаржылық есептілікке қаржылық жағдайды, қызмет нәтижелерін, капиталдағы өзгерістер туралы есептерді және Компанияның аралық есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысын дұрыс ұсыну үшін қажетті барлық түзетулер енгізілген.

Басшылық қызметтің үздіксіздігі туралы қағидат негізінде осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындады. Басшылықтың шешімі Компанияның қаржылық жағдайына, оның ағымдағы ниеттеріне, операциялардың табыстылығына және қаржы ресурстарына қол жеткізу мен Үкіметтің қолдауына сүйенеді.

Осы қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікке активтер мен міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың баланстық құнына енгізілетін қандай да бір түзетулер, сондай-ақ операциялық қызметті жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда қажет болатын қаржылық жағдай туралы қысқартылған жеке аралық есептің жіктемесі кірмейді, мұндай түзетулер маңызды болуы мүмкін.

## 3 Есептік саясатты қолданудағы маңызды есептік бағалаулар және кәсіби пайымдаулар

Қысқартылған жеке аралық қаржылық есептілікті дайындау кезінде Компания қолданылатын есепке алу саясаттарына және есептілікте көрсетілетін активтер мен міндеттемелерге, кірістер мен шығыстарға әсер ететін бағалауларды пайдаланады және жорамалдар жасайды. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Қолданылған негізгі есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдар 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық жеке қаржылық есептілікті дайындау барысында қолданылған есептік бағалаулар мен кәсіби пайымдауларға сәйкес келеді.

***Қаржылық емес активтердің құнсыздануы***

Әрбір есепті кезеңнің соңында басшылық жекелеген активтердің немесе активтер топтарының құнсыздану белгілерінің болуын және алдыңғы кезеңдерде гудвилден өзгеше активтер немесе активтер топтары үшін танылған құнсызданудан болатын залал бұдан былай болмағанын немесе төмендегенін бағалайды. Кез келген осындай белгілер болған кезде басшылық сатуға жұмсалған шығындарды және оны пайдалану құндылығын шегере отырып, оның әділ құны шамаларының ішіндегі ең үлкені ретінде айқындалатын активтің өтелетін құнын бағалайды. Пайдалану құндылығын есептеу қалыптасқан жағдайларда негізделген болып саналатын басшылық тарапынан бағалау деректері мен кәсіби пайымдауларды қолдануды талап етеді.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания басшылығы «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС (бұдан әрі – «ЕГРЭС-1»), «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЖК»), «Алматы Электр Станциялары» АҚ (бұдан әрі – «АлЭС»), «Тегісмұнай» ЖШС (бұдан әрі – «ТМ») еншілес компанияларына және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (бұдан әрі – «ЕГРЭС-2 станциясы») инвестициялардың құнсыздану белгілерін талдау үшін тәуелсіз сарапшыларды тартты, ол ХБЕС 36 «Активтердің құнсыздануы» бабына сәйкес өткізілді.

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілерін талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері болмаған деген қорытындыға келді. Тиісінше, Компания басшылығы 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың құнсыздану сынағын және бірлескен кәсіпорынға инвестицияларды өткізбеу туралы шешім қабылдады. 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша Басшылық тест нәтижелеріне теріс әсер еткен оқиғалар болған жоқ деп санайды.

*Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту.*

2022 жылғы 30 маусымда Мемлекет басшысы «Электр энергетикасы туралы» Заңға инвестициялық келісім жасасуға және отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалана отырып, генерациялайтын қондырғылар салу арқылы жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге жеке тариф (қуат тарифі) алуға мүмкіндік беретін бірқатар түзетулерге қол қойды. Сондай-ақ табиғи монополия субъектісіне Қазақстан Республикасының Ұлттық жобалары іске асырылған жағдайда инвестициялық бағдарламаны өзгертуге, сонымен қатар отын түрі мен инвестициялық бағдарлама өзгерген кезде бекітілген тарифті (жылу энергиясына) өзгертуге өтінім беруге мүмкіндік беретін «Табиғи монополиялар туралы» Заңға түзетулер енгізілді,

2-ЖЭО-ны газға ауыстыру жобасын қаржыландыру үшін инвестициялық келісім жасасу және қуатқа жеке тариф алу салалық заңнамалық актілерге енгізілген түзетулер негізінде әзірленген және ҚР ЭМ-де қарап, бекітуге бағытталған инвестициялық бағдарламаларды қарау жөніндегі тиісті қағидалар бекітілгеннен кейін 2022 жылдың соңына дейін күтіледі.

## 4 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар

Байланысты тараптарды анықтау ХБЕС 24 «Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашу» бөлімінде келтіріледі. Байланысты тараптар деп әдетте, егер олардың біреуінде екіншісін бақылай алатын мүмкіндік болса, жалпы бақылауда болатын немесе айтарлықтай әсер ете алатын не екінші тараптың қаржылық және операциятық шешімідеріне бірге бақылау жасайтын тараптар есептеледі. Тараптар байланысты болып табыла ма, жоқ па, деген сұрақтарды шешуде тараптардың заңды нысаны ғана емес, олардың өзара қарым-қатынас сипаттары да ескеріледі. Негізгі компания мен Компанияның түпкі бақылаушы тарабы 1-ескертпеде егжей-тегжейлі ашылған.

Байланысты тараптарға Самұрық-Қазынаның бақылауындағы компаниялар жатады. Мемлекеттік компаниялармен жүргізілетін операциялар барлық қоғамдық және жеке команияларға біртіндеп қолданылатын шарттарға сәйкес, әдеттегі қызмет барысында жүзеге асырылса, i) олар жеке маңызды болып табылмаса; ii) Компанияның қызметі барлық тұтынушыларға қолжетімді болатын стандартта ұсынылса, немесе iii) электр энергиясын жеткізу, телекоммуникациялық қызметтер жне т.б. сияқты қызметтерді жеткізушілерді таңдау мүмкін болмаса, анық жазылмайды.

Компания тауарларды сатып алады және мемлекет қатысатын көптеген ұйымдарға жеткізеді.

Мұндай сатып алулар мен бөлек-бөлек жеткізу болмашы соманы құрайды және әдетте коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

## 4 Байланысты тараптармен есеп жүргізу және операциялар

Төменде 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Еншілес және бірлескен кәсіпорындар** |
|---|---|---|---|
| Еншілес компанияларға берілген қарыздар | - | - | 55,213,462 |
| Алу үшін берілген қарыздар бойынша сыйақылар | - | - | 1,609,313 |
| Алу үшін дивидендтер | - | - | 15,331,000 |
| Кредиторлық берешек | - | 41,584 | 483,541 |
| Қарыздар мен облигациялар | 73,637,661 | - | 28,256,019 |

Төменде 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша өтелмеген қалдықтар көрсетілген:

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Еншілес және бірлескен кәсіпорындар** |
|---|---|---|---|
| Еншілес компанияларға берілген қарыздар | - | - | 63,109,167 |
| Дебиторлық берешек | - | - | 2,732 |
| Алу үшін берілген қарыздар бойынша сыйақылар | - | - | 435,344 |
| Алу үшін дивидендтер | - | - | 458 |
| Кредиторлық берешек | - | 35,204 | 348,573 |
| Қарыздар мен облигациялар | 71,139,311 | - | 23,504,716 |

Төменде 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Еншілес және бірлескен кәсіпорындар** |
|---|---|---|---|
| Дивидендтер бойынша табыстар | - | - | 32,552,145 |
| Қаржылық табыстар | - | - | 8,102,295 |
| Қаржылық шығыстар | 5,758,217 | | 2,812,961 |
| Құнсыздану бойынша құнсыздануды/шығыстарды қалпына келтіру (нетто) | - | - | (48,084) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | - | 99,014 | 549,275 |
| Өзге табыстар | - | - | 3,940 |

Төменде 2021 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай үшін байланысты тараптармен жүргізілген операциялар бойынша табыстар мен шығыстардың баптары көрсетілген:

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **Акционер** | **Жалпы бақылаудағы компаниялар** | **Еншілес және бірлескен кәсіпорындар** |
|---|---|---|---|
| Дивидендтер бойынша табыстар | - | | 32,664,854 |
| Қаржылық табыстар | - | - | 3,692,000 |
| Қаржылық шығыстар | 3,591,066 | - | 1,849,428 |
| Құнсыздану бойынша шығыстар (нетто) | - | - | (3,524) |
| Жалпы және әкімшілік шығыстар | - | 42,633 | 372,879 |
| Бағам айырмашылығы бойынша шығыстар, (нетто) | - | - | (442) |

## 5 Еншілес компанияларға, бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар

Төменде негізгі басқарушы персоналдың сыйлықақысы келтірілген:

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай** |
|---|---|---|
| Негізгі басқарушы персонал | 263,522 | 284,359 |
| Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері | 32,400 | 28,056 |
| **Барлық негізгі басқарушы персоналдың сыйлықақысы** | **295,922** | **312,415** |

Негізгі басқару персоналының сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйақыларын және басқа да қысқа мерзімді сыйлықақыларын және тәуелсіз директорлардың – Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйлықақысын білдіреді. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша негізгі басқарушы персонал 4 адамнан тұрады (2021 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам). Тәуелсіз директорлар – Директорлар кеңесінің мүшелері 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 3 адам (2021 жылғы 31 желтоқсан - 2 адам)

Төменде 2022 жылдың 30 қыркүйегіндегі инвестициялардың құны туралы ақпарат берілген:

| | | | 30 қыркүйек 2022 жыл | | 31 желтоқсан 2021 жыл | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Сатып алынған күні | Тіркелген елі | Инвестиция құны (мың теңгемен) | Иелік ету үлесі | Инвестициянның құны (мың теңгемен) | Иелік ету үлесі |
| **Еншілес ұйымдар** | | | | | | |
| «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 31.10.2012 | Қазақстан | 331,003,748 | 100% | 331,003,748 | 100% |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 29.07.2009 | Қазақстан | 62,914,945 | 100% | 62,914,945 | 100% |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | 26.07.2011 | Қазақстан | 34,061,653 | 100% | 34,061,653 | 100% |
| «Мойнақ СЭС» АҚ | 04.01.2008 | Қазақстан | 21,587,269 | 100% | 21,864,616 | 100% |
| «Тегіс Мұнай» ЖШС | 29.12.2012 | Қазақстан | 17,544,581 | 100% | 17,531,389 | 100% |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | 28.05.2016 | Қазақстан | 14,775,597 | 100% | 14,914,271 | 100% |
| «Шардара СЭС» АҚ | 03.06.2011 | Қазақстан | 2,524,772 | 100% | 2,524,772 | 100% |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС | 28.05.2016 | Қазақстан | 9,253,541 | 100% | 8,401,189 | 100% |
| «Бұқтырма СЭС» АҚ | 04.01.2008 | Қазақстан | 1,838,100 | 90% | 1,050,790 | 90% |
| «Казгидротехэнерго» ЖШС | 31.03.2014 | Қазақстан | 360,782 | 100% | 326,840 | 100% |
| «Алматыэнергосбыт» ЖШС | 26.07.2011 | Қазақстан | 136,003 | 100% | 136,003 | 100% |
| «Energy Solutions Center» ЖШС | 16.03.2019 | Қазақстан | 107,449 | 100% | 52,998 | 100% |
| ***Бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындар*** | | | | | | |
| Forum Muider B.V. | 23.12.2008 | Нидерланды | 41,759,543 | 50% | 41,759,543 | 50% |
| «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ | 04.01.2008 | Қазақстан | 8,725,133 | 50% | 8,725,133 | 50% |
| «Энергия Семиречья» ЖШС | 28.05.2016 | Қазақстан | 2,411,010 | 25% | 2,411,010 | 25% |
| ***Құнсызданған инвестиция*** | | | | | | |
| «Балқаш ЖЭС» АҚ (3-ескертпе) | 24.06.2008 | Қазақстан | 32,085,280 | 100% | 32,085,280 | 100% |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 13.06.2012 | Қазақстан | 5,684,653 | 100% | 5,684,653 | 100% |
| «Шүлбі СЭС» АҚ | 04.01.2008 | Қазақстан | 1,230,658 | 92.14% | 1,230,658 | 92.14% |
| «Өскемен СЭС» АҚ | 04.01.2008 | Қазақстан | 465,019 | 89.99% | 465,019 | 89.99% |
| **Шегергенде:** | | | | | | |
| Инвестицияның құнсыздануы | | | (39,446,496) | | (39,446,496) | |
| **Барлық инвестиция** | | | **549,023,240** | | **547,698,014** | |

**5 Еншілес компанияларға, бірлесіп бақыланатын және қауымдастырылған кәсіпорындарға салынған инвестициялар**

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компанияның мынадай бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда иелену үлесі бар:

- ЕГРЭС-2 станциясы – 50%. Қалған 50% иелену үлесі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ға тиесілі.
- Forum Muider – 50%. Қалған 50% меншік үлесі UC RUSAL-ға тиесілі.

***Инвестициялардың құнсыздануы***

Құнсызданудың сыртқы және ішкі белгілеріне жүргізілген талдау нәтижесінде Компания басшылығы талдау жүргізілген күні құнсыздану белгілері жоқ деген қорытындыға келді. Сәйкесінше, Компания басшылығы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша осы еншілес компаниялардың негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің құнсыздануына тест жүргізбеу туралы шешім қабылдады (3-ескертпе).

## 6 Берілген қарыздар және қаржы құралдарына салынған инвестициялар

| Қазақстан теңгесімен, мың | 30 қыркүйек 2022 ж. | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| ***Ұзақ мерзімді бөлік*** | | |
| «Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары | 25,000,000 | 26,000,000 |
| «Шардара СЭС» облигациялары | 13,300,000 | 15,500,000 |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ға берілген қарыз | 6,029,014 | 5,596,912 |
| «First Heartland Jusan Bank» АҚ облигациялар | 31,559 | 28,470 |
| «МЭБК» АҚ облигациялары | - | 340,157 |
| Шегергенде: құнсыздану резерві | (182,934) | (225,285) |
| **Барлық берілген қарыз – ұзақ мерзімді бөлік** | **44,177,639** | **47,240,254** |
| ***Қысқа мерзімді бөлік*** | | |
| «Мойнақ СЭС» АҚ облигациялары | 2,000,000 | 7,000,000 |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС-ға берілген қаржылық көмек | 3,784,793 | 3,868,922 |
| «Шардара СЭС» АҚ облигациялары | 2,900,000 | 2,900,000 |
| «Алматы электр станциялары» АҚ-ға берілген қарыз | 1,300,000 | 1,112,631 |
| «Ereymentau Wind Power» ЖШС-ға берілген қарыз | 1,350,000 | 400,000 |
| «Шардара СЭС» АҚ-ға берілген қарыз | - | 950,000 |
| «МЭБК» АҚ облигациялары | 560,065 | 384,600 |
| «Балқаш ЖЭС» АҚ-ға берілген қарыз | 377,301 | 377,301 |
| Берілген қарыздар бойынша есептелген сыйақы | 303,276 | 278,418 |
| Облигациялар бойынша сыйақы | 1,306,038 | 363,986 |
| «Т.И. Батуров атындағы Жамбыля ГРЭС» АҚ-ға берілген қарыз | 5,442 | 5,442 |
| «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ қысқа мерзімді ноталары | - | 9,161,029 |
| Шегергенде: құнсыздану резерві | (663,408) | (623,334) |
| **Барлық берілген қарыз – қысқа мерзімді бөлік** | **13,253,897** | **26,209,385** |

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» ММ қысқа мерзімді ноталары

*2022 жылғы 19 қаңтарда «ҚР Ұлттық Банкі» РММ қысқа мерзімді ноталары 9,200,000 мың теңге сомасына өтелді.*

*«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ға берген қарыз және қаржылық көмек*

*Еншілес компанияларға берілген қарыз бен қаржылай көмек*

2022 жылғы 17 наурызда «Eneymentau Wind power» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ алдындағы қарызды 400,000 мың теңге сомасында өтеді. 2022 жылдың тоғыз айының ішінде Компания «Eneymentau Wind power» ЖШС-ға жылдық 8% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 12 айға дейінгі мерзімге 1,350,000 мың теңге сомасында қарыз берді.

2022 жылдың маусым және қыркүйек айларында Компания 4,100,000 мың теңге сомасында қаржылық көмекті өтеу мерзімін ұзарту туралы келісімге қол қойды. Компания 392 576 мың теңге сомасындағы модификацияның әсерін қаржылық шығыстар құрамында таныды.

## 7 Өзге ұзақ мерзімді активтер

| Қазақстан теңгесімен, мың | 30 қыркүйек 2022 ж. (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| Еншілес кәсіпорындарды сатып алушылардың дебиторлық берешегі | 736,301 | 8,273,935 |
| Қызметкерлердің өзге дебиторлық берешегі | 53,558 | 154,345 |
| Шегергенде: құнсыздану резерві | (116,508) | (1,392,709) |
| **Барлық өзге ұзақ мерзімді активтер** | **673,351** | **6,935,571** |

2022 жылғы 30 қыркүйектегі дебиторлық берешек «Информ-Систем» ЖШС-ның «SK A» ішкі рейтингі бар 736,301 мың теңге (2021 жылғы 31 желтоқсан: 712,490 мың теңге) сомасындағы дисконтталған қаржылық берешек сомасын қамтиды. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша дебиторлық берешек құнсызданбаған, мерзімі өтпеген және теңгемен толық көрсетілген.

## 8 Өзге қысқа мерзімді активтер

| Қазақстан теңгесімен, мың | 30 қыркүйек 2022 ж. (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| Алуға арналған дивидендтер | 15,330,500 | 458 |
| Еншілес кәсіпорындарды сатып алушылардың дебиторлық берешегі | 7,528,264 | 851,457 |
| «Tauba Invest» ЖШС дебиторлық берешегі | 469,205 | 469,205 |
| Қысқа мерзімді депозиттер | 304 | 5,804 |
| Шегергенде: құнсыздану резерві | (1,350,140) | (612,434) |
| **Барлық басқа қаржылық қысқа мерзімді активтер** | **21,978,133** | **714,490** |
| Төленген аванстар | 29,427 | 19,908 |
| Өзге | 179,922 | 297,217 |
| **Барлық өзге қысқа мерзімді активтер** | **22,177,482** | **1,031,615** |

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компания «Tauba Invest» ЖШС дебиторлық берешегінің құнсыздануына 100% резерв есептеді.

## 9 Ақша қаражаты және олардың баламалары

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | 30 қыркүйек 2022 ж. (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| 3 айға дейінгі мерзімді депозиттердегі ақшалай қаражат – теңге | 1,475,000 | 810,000 |
| Банк шоттарындағы ақшалай қаражат – теңге | 1,320,328 | 112,140 |
| Кассадағы ақшалай қаражат | 3,606 | 3,321 |
| Банк шоттарындағы ақшалай қаражат – еуро | - | 556,245 |
| Банк шоттарындағы ақшалай қаражат – АҚШ доллары | - | 2 |
| Шегергенде: құнсыздану резерві | (639) | (368) |
| **Барлық ақшалай қаражат және олардың эквиваленттері** | **2,798,295** | **1,481,340** |

## 10 Акционерлік капитал

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша шығарылған 5,601,812 жай акция 376,045,927 мың теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсан: 5,601,812 акция) толығымен төленді. Әрбір қарапайым акция бір дауыс беру құқығын береді. Компанияның артықшылықты акциялары жоқ. Жарияланған акциялар саны - 8,602,187. 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Компанияның 100% акционері болып табылады (2021 жыл: 100%).

2022 жылдың 28 сәуірінде Компания Жалғыз акционерге бір акция үшін 2,041,000 мың теңге - 364.35 теңге (2021 жылғы 30 наурыз: 3,242,143 мың теңге) дивидендтер төлейтінін жариялады. 2022 жылдың 9 маусымында Компания дивидендтерді толық көлемде төледі.

## 11 Қарыздар

| Қазақстан теңгесімен, мың | 30 қыркүйек 2022 ж. (аудит жүргізілмеген) | 31 желтоқсан 2021 ж. |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді бөлік** | | |
| Самұрық-Қазынаның қарыздары | 70,913,200 | 68,565,478 |
| Облигациялар | 40,110,917 | 40,103,964 |
| Ұзақ мерзімді банк қарыздары | 15,134,908 | 54,899,816 |
| **Барлық қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі** | **126,159,025** | **163,569,258** |
| **Қысқа мерзімді бөлік** | | |
| Еншілес ұйымдардың қарыздары | 38,738,790 | 38,411,690 |
| Қысқа мерзімді банк қарыздары | 13,149,944 | 3,042,235 |
| Самұрық-Қазынаның қарыздары | 2,381,109 | 2,381,109 |
| Облигациялар | - | 3,117,605 |
| Есептелген пайыздар – облигациялар | 1,546,581 | 564,220 |
| Есептелген пайыздар – банк қарыздары | 1,058,539 | 1,449,766 |
| Есептелген пайыздар – Самұрық-Қазына мен ЕТҰ қарыздары | 666,569 | 192,723 |
| **Барлық қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі** | **57,541,532** | **34,252,374** |
| **Барлық қарыздар** | **183,700,557** | **197,821,632** |

*Банк қарыздары: Еуропа Қайта Құру және Даму банкі*

2022 жылдың тоғыз айының ішінде Компания 11,042,235 мың теңге сомасында негізгі қарызды мерзімінен бұрын өтеді. 2022 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша бірінші транш бойынша негізгі қарыздың номинал қалдығы 1,630,740 мың теңгені құрайды.

*Банк қарыздары: Азия Даму банкі*

2022 жылдың тоғыз айының ішінде Компания А және В транштары бойынша жалпы сомасы 30,626,400 мың теңгеге негізгі қарызды мерзімінен бұрын өтеді. 2022 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша, С траншы бойынша негізгі борыштың номинал қалдығы 15,234,400 мың теңгені құрайды.

*«Қазақстан Халық Банкі» АҚ*

2022 жылдың тоғыз айы ішінде кредиттік желі шеңберінде Компания «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-да айналым қаражатын толықтыруға жалпы сомасы 28,500,000 мың теңгеге қысқа мерзімді қарыздар алды, оның ішінде 16,800,000 мың теңге сомасына негізгі борыш өтелді. 2022 жылғы 01 қазандағы жағдай бойынша, негізгі қарыздың номинал қалдығы 11,700,000 мың теңгені құрайды.

«Богатырь Комір» ЖШС

2022 жылғы 19 шілдеде «Богатырь Көмір» ЖШС-дан 12 ай мерзімге 10,482,770 мың теңге көлемінде қысқа мерзімді қарыз алынды . Негізгі қарызды төлеу - шарт мерзімінің соңында бір рет.

*Шығарылған облигациялар*

2022 жылғы 05 қыркүйекте Компания 3,127,502 мың теңге сомасына номинал құны бойынша толық көлемде бірінші транш облигацияларының 3,127,502 данасын өтеді

## 12 Дивидендтер бойынша табыс

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|
| «Б.Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС | 29,000,000 | 29,000,000 | - | - |
| «Бұқтырма ГЭС» АҚ | 72,905 | 2,962,753 | - | 1,380,955 |
| «Бірінші жел электр станциясы» ЖШС | 1,550,822 | 1,410,354 | - | - |
| «Алматы электр станциялары» АҚ | - | 852,741 | - | - |
| «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ | 436,631 | 504,551 | - | - |
| Forum Muider B.V. | - | 72,905 | - | - |
| «Energy Solutions Center» ЖШС | 34,903 | 4,004 | - | - |
| «Samruk-Green Energy» ЖШС | 12,218 | - | - | - |
| **Барлық дивидендтен түскен табыс** | **32,552,145** | **34,045,809** | **-** | **1,380,955** |

## 13 Жалпы және әкімшілік шығыстар

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|
| Жалақы және онымен байланысты шығыстар | 2,308,187 | 2,259,787 | 720,020 | 705,883 |
| НҚ тозуы және МЕА амортизациясы | 351,867 | 390,994 | 118,007 | 131,097 |
| Ақпараттық жүйелерге қызмет көрсету олардың қауіпсіздігі жөніндегі қызмет | 425,449 | 107,268 | 155,222 | 46,372 |
| Мамандандырылған кеңселік қызмет көрсету қызметі | 299,873 | 449,651 | 100,926 | 137,668 |
| Салықтар | 158,024 | 154,854 | 30,320 | 32,572 |
| Консультациялық және басқа қызметтер | 87,095 | 115,832 | 32,833 | 82,930 |
| Іссапар шығыстары | 74,463 | 72,430 | 30,206 | 27,347 |
| Қызметкерлерді оқыту және олармен байланысты шығыстар | 40,495 | 50,050 | 19,213 | 24,985 |
| Өзге | 315,561 | 453,866 | 137,334 | 191,750 |
| **Барлық жалпы және әкімшілік шығыстар** | **4,099,793** | **4,084,613** | **1,351,416** | **1,386,426** |

## 14 Қаржылық табыстар

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Облигациялар мен берілген қарыздар бойынша пайыздық табыстар | 4,627,493 | 3,523,540 | 1,344,868 | 1,150,681 |
| Қарыздарң модификациясы | 2,774,149 | - | 574,944 | - |
| Қаржылық активтер бойынша дисконт амортизациясы | 1,181,667 | 2,679,943 | 396,933 | 940,679 |
| Банк депозиттері бойынша пайыздық табыстар | 129,204 | 48,124 | 141,751 | 16,975 |
| Өзге | 7,149 | 193,083 | 2,259 | 58,489 |
| **Барлық қаржылық табыстар** | **8,719,662** | **6,444,690** | **2,460,755** | **2,166,824** |

2022 жылдың наурыз және қыркүйек айларында Компания «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-мен қаржылық көмекті ұзартуға қосымша келісімдер жасады және 2,774,149 мың теңге сомасында модификациядан түскен табысты таныды.

## 15 Қаржылық шығыстар

| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 9 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2022 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** | **2021 ж. 30 қыркүйекте аяқталған 3 ай (Аудит жүргізілмеген)** |
|---|---|---|---|---|
| Қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақы шығыстары | 12,012,552 | 9,970,197 | 3,692,929 | 3,120,404 |
| Қарыздар мен қаржылай көмек бойынша келтірілген құн дисконтының амортизациясы | 7,461,279 | 6,446,830 | 2,652,937 | 2,647,803<br>2,090,358 |
| Берілген қарыздардың модификациясы | 392,576 | - | 144,549 | - |
| Қаржылық жалдау бойынша шығыстар | 119,417 | 142,542 | 42,926 | 46,333 |
| Өзге | 1,000 | 175,900 | 1,000 | - |
| **Барлық қаржылық шығыстар** | **19,986,824** | **16,735,469** | **6,534,341** | **5,257,095** |

## 16 Табыс салығы

Табыс салығы - депозиттер бойынша төлем көзінен ұсталатын салық. Компания болашақта салық салынатын пайда табуды күтпейді.

## 17 Шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша төменде келтірілген ақпараттан басқа, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілікте көрсетілгеннен басқа, шартты және шарттық міндеттемелер мен операциялық тәуекелдер болған жоқ.

***Сот талқылауы***

Төменде көрсетілген ақпараттан басқа, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жеке қаржылық есептілікте ашылғаннан басқа ешқандай сот талқылауы болған жоқ.

***Өтімділік тәуекелі***

2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компанияның қысқа мерзімді міндеттемелері қысқа мерзімді активтерден 20,664,281 мың теңгеге асып түсті.

Компанияның таяу болашақтағы өз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау кезінде мынадай факторлар қарастырылды:

- Топ Қазақстанның энергия жүйесінің сенімділігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық маңызға ие. Топ басшылығы мен акционерлерінің Топты таратуға ниеті де, мұқтаждығы да жоқ.

- Компанияның 28,739,560 мың теңге мөлшеріндегі ағымдағы міндеттемелері тартылған қаржылық көмек пен көрсетілген қызметтер бойынша Компанияның еншілес ұйымдары алдындағы берешекті білдіреді.

- 2022 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша Компанияның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дан алған жалпы сомасы 38,3 миллиард теңгеге жаңартылатын кредиттік желілер шеңберінде қолжетімді қаражаты бар.

***Қарыздар бойынша ковенанттар***

Компанияның қарыздар және облигациялар бойынша белгілі бір ковенанттары бар. Осы ковенанттарды сақтамау Компания үшін жағымсыз салдарларға, соның ішінде қарыз алу шығындарының ұлғаюына және дефолт жариялауға әкеп соқтыруы мүмкін. 2022 жылдың тоғыз айының нәтижелері бойынша, Компания қарыздар бойынша ковенанттардың нормативтік мәндерін орындады.

## 18 Қаржы құралдарының әділ құны

***Әділ құнды бағалау***

Әділ құнды бағалау нәтижелері әділ құн иерархиясының деңгейлері бойынша төмендегідей талданады және бөлінеді: (i) 1-ші деңгейге ұқсас активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтағы бағаланатын бағалар (түзетілмейтін) бойынша бағалар жатады, (ii) 2-ші деңгейге актив немесе міндеттеме үшін тікелей немесе жанама қадағаланатын болып табылатын пайдаланылатын маңызды бастапқы барлық деректер бағалау тәсілдері көмегімен алынған бағалар жатады (яғни, мысалы, бағалар), және (iii) 3-ші деңгейлі бағалар, олар қадағаланатын нарықтық деректерде негізгі болып табылмайтын бағалар болып табылады (яғни, қадағаланбайтын бастапқы деректерде негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясында қандай да бір санатқа жатқызу кезінде басшылық пайымдауларды пайдаланады. Егер әділ құнды бағалауда Елеулі түзетуді талап ететін байқалатын деректер пайдаланылса, онда ол 3 деңгейге жатады. Пайдаланылатын деректердің маңыздылығы әділ құнды бағалаудың барлық жиынтығы үшін бағаланады.

Әділ құн иерархиясының 2 және 3 деңгейіндегі әділ құнды бағалау дисконтталған ақша ағындары моделінің көмегімен орындалды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы құралдарының әділ құны теңгерімдік құнға тең деп қабылданды. Белсенді нарықта баға белгілеулері жоқ тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ құны ұқсас кредиттік тәуекелді және өтеудің ұқсас мерзімін болжайтын жаңа құралдар үшін қарыз алу нарығында қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделеді.

| | **30 қыркүйек 2022 ж.** | | | | **31 желтоқсан 2021 ж.** | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Қазақстан теңгесімен, мың* | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Теңгерімдік құн** | **1-деңгей** | **2-деңгей** | **3-деңгей** | **Теңгерімдік құн** |
| **Активтер** | | | | | | | | |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары | - | 2,798,295 | - | 2,798,295 | - | 1,481,340 | - | 1,481,340 |
| Тіркелген мерзімі бар депозиттер | - | 304 | - | 304 | - | 5,804 | - | 5,804 |
| Қаржылық дебиторлық берешек | - | 7,474,102 | - | 8,264,565 | - | 7,680,949 | - | 7,586,622 |
| Алу үшін дивидендтер | - | 15,324,248 | - | 15,324,248 | - | 458 | - | 458 |
| Берілген қарыздар | - | 54,619,205 | - | 57,431,536 | - | 69,525,742 | - | 73,449,639 |
| Қызметкерлердің берешегі | - | 53,558 | - | 53,558 | - | 54,346 | - | 54,346 |
| **Барлық қаржылық активтер** | **-** | **80,269,712** | **-** | **83,872,507** | **-** | **78,748,639** | **-** | **82,578,209** |
| **Міндеттемелер** | | | | | | | | |
| Қарыздар | - | 165,690,616 | - | 183,700,556 | - | 189,507,450 | - | 197,821,632 |
| Жалдау бойынша міндеттемелер | - | 1,069,680 | - | 1,002,112 | - | 1,130,446 | - | 1,330,662 |
| Қаржылық кредиторлық берешек | - | 747,370 | - | 747,370 | - | 1,034,082 | - | 1,034,082 |
| **Барлық қаржылық міндеттемелер** | **-** | **167,507,666** | **-** | **185,450,039** | **-** | **191,851,978** | **-** | **200,186,376** |

*Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық активтер*

Тіркелген пайыздық мөлшерлемесі бар құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтелгенге дейінгі мерзіммен алуға күтілетін бағаланатын ақша ағындарының сомалары негізінде айқындалады. Қолданылған дисконттау нормалары контрагенттің несиелік тәуекеліне байланысты.

*Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық міндеттемелер*

Белгіленген пайыздық мөлшерлемесі бар және белгіленген өтеу мерзімі бар, олар бойынша нарықтық баға белгіленімдері жоқ құралдардың әділ бағалау құны ұқсас кредиттік тәуекелі бар жаңа құралдар үшін қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелер бойынша дисконтталған және өтеу мерзімі бар бағаланатын ақша ағындарын негізге ала отырып айқындалады.

## 19 Есеп беру күнінен кейінгі жағдай

2022 жылғы 20 қазанда Компания «Bereke Bank» АҚ-дан алты ай мерзімге жылдық 15,8% мөлшерлеме бойынша 7 млрд теңге сомасына қысқа мерзімді қарыз алды. Қарыздың мақсаты - айналым қаражатын толықтыру.

2022 жылдың қазан айында Компания Халық банкінің 7.7 млрд теңге сомасындағы қарызын және жинақталған сыйақыны өтеді

2022 жылдың қазан айында Компания «Алматы электр станциялары» АҚ-ның 1,100,000 мың теңге сомасындағы қарызын өтеді